

16 Мамыр
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ЕРБОЛАТҚА ЕЛДІҢ ҚҰРМЕТІ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНДЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КҮРЕС ТҮРЛЕРІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ, СПОРТ АРДАГЕРІ, САМБОДАН КСРО СПОРТ ШЕБЕРІ ЕРБОЛАТ ЕСНИЯЗОВТЫҢ 75 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ЕРКІН КҮРЕСТЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ АШЫҚ ТУРНИР ӨТКІЗІЛДІ. ТУРНИРДІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕСІН ҚҰТТЫҚТАП, АУДАННЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК -ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА АЙРЫҚША ҮЛЕС ҚОСҚАНЫ ҮШІН «АУДАНҒА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» ТӨСБЕЛГІСІН ТАБЫС ЕТТІ.



Сонымен қатар еркін күрестен бірнеше дүркін әлем чемпионы, ардагерлерге арналған күрес бөлімінің жаттықтырушысы, Қазақ спорт және туризм академиясының құрметті профессоры Қуаныш Қазтұрғанұлы "Спорт ардагері" төсбелігін табыстаса, шәкірттері атынан спорт ардагері Құнанбай Тұрашұлы сөз сөйлеп, мерейтой иесіне ат мінгізді. Ерболат Тәңірбергенұлы да аудан әкіміне, облыстық дене тәрбиесі және спорт басқармасына, спорт

мектебіне және де турнирдің өткізілуіне үлес қосқан азаматтарға өз алғысын жеткізді. Екі күнге созылған облыстық ашық турнирге 8 командадан 200-ге жуық спортшы қатынасты. Тартысқа толы облыстық ашық турнирде 12 салмақ дәрежесі бойынша күрескен палуандар арасында оза шапқандары Ойыл ауданы әкімдігінің мақтау қағаздары және медальдарымен марапатталды.

Жасынан спортты жанына серік

қылған, парасат пен пайымды жүрегіне жақын еткен, ізбасар інілерін жасынан баулып, жалықпаған жаттықтырушының алдынан өтіп шыңдалған шәкірттері талай биікті бағындырып, қанат қақты. Олар қазір еліміздің әр түрлірінде жүр.

Ісі үлгімен ұштасып, самбодан ауданнан шыққан алғашқы КСРО спорт шебері Ерболаттың шәкірттерінің алды алпысты алқымдады. Ұстазға төн сергек ойдың иесі Ерболаттың шәкірттері талай

байрақты бәсекелерде топ жарып, ауданымыздың абыройын асқақтатты. Сол Жеңістің басында әр шәкірті үшін аянбай тер төккен Ерболаттың еңбегі тұрғаны сөзсіз.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген қағидаға сүйенсек, Ойылдың алды аға буын өкілдері, замадастары да Ерболатты әрдайым ардақ тұтады. Еңбектің жемісі деген осы. Ерболатқа елдің құрметі!

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селпосы

АРТУР АМАҢҒОСОВ – ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

БҰДАН БҰРЫН ХАБАРЛАҒАНЫМЫЗДАЙ ӨТКЕН ЖЕКСЕНБІ КҮНІ ЕЛІМІЗДІҢ БІРНЕШЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ КЕЗЕКТІ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІН САЙЛАУЫ ӨТТІ. СОЛАРДЫҢ БІРІ ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАУШЫЛАРЫ ӨЗ ТАҢДАУЛАРЫН ЖАСАДЫ.



Ресми мәлімет бойынша Ойыл ауылдық округіндегі сайлау учаскесінде 4402 сайлаушы тіркелген. Жексенбі күні олардың 3140-ы өз учаскелеріне барып, өздері қалаған кандидатқа дауыс берді. Еске сала кетсек, Ойыл ауылдық округі әкімдігіне сайлау жарияланғаннан кейін үш кандидат тіркелген еді. Заң аясында үміткерлер немесе олардың сенім білдірген өкілдері

белгіленген мерзімде сайлаушылармен кездесіп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Өткен жексенбі күні дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 1932-і Артур Амангосовқа дауыс берсе, 373-і Медет Сағидановқа, 691-і Мәулен Төремұратовқа дауыс берді. Нәтижесінде сайлаушылардың басым дауысына ие болған Артур Амангосов Ойыл ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

САЙЛАУ-2023

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНЫҢ ҚОРТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ САЙЛАНҒАН ӘКІМДІ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

2023 жылдың 14 мамырында Ойыл ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14 бабының 9 тармақшасына, 44 бабының 2 тармағына, 45 бабына, 113-10 бабына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының Ойыл ауылдық округі әкімін сайлау нәтижелері туралы хаттамалары негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы сайлау қортындысын шығарды:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 4402 азамат енгізілді, олардың 3140-ы дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер-13, «Беріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғаны- 131.

Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Амангосов А.С.-1932, Сағиданов М.Қ.-373, Түремуратов М.О.-691

Амангосов Артур Сарсенбаевич, 1975 жылы дүниеге келген, Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары, Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Ойыл ауылдық округі әкімі болып сайланды.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 45 бабына сәйкес 2023 жылғы 15 мамырдағы шешімімен 2023 жылғы 14 мамырда сайланған Ойыл ауылдық округі әкімін тіркеді.

ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ШЕШІМІ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабы 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының

1-тармағына сәйкес, 2023 жылғы 14 мамырда болған Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиялары хаттамаларының негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ШЕШТІ:**

1. Амангосов Артур Сарсенбаевич, 1975 жылы дүниеге келген, Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары, Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалы ұсынған, Ойыл ауылдық округі әкімі болып тіркелсін.

2.Сайланған әкімді тіркеу туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3.Сайланған әкімге тиісті куәлік берілсін.

Сайлау комиссиясының төрағасы
Сайлау комиссиясының хатшысы

Б.Т.Бисекенов
Н.Б.Көңжебөков
2023 жылғы 15 мамыр

АЙЫМ - «ЕЛБАСЫ МЕДАЛІНІҢ» ИГЕРІ



Азаматтық ұстанымы жоғары және патриоттық белсенділігін танытқан Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 10 - сынып оқушысы Айым Сисенова «Елбасы медалі» жобасы бойынша қола медалімен марапатталды.

«Елбасы медалі» жобасы - өскелең ұрпақты тәрбиелеуге және олардың үйлесімді жетілуіне мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Назарбаевтың белсенді, шығармашыл және талантты жастарды қолдауы. Аталған медаль иегерлері жоғары оқу орындарына білім грант-

тарын тағайындау кезінде артықшылыққа ие болады. Яғни талапкерлердің ҰБТ балдары тең болған жағдайда «Елбасы медалі» бағдарламасы иегеріне басымдық беріледі. Бүгінде жастардың жеке тұлға болып қалыптасуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда. «Елбасы медалі» бағдарламасы – бұл білімді жетілдіруге және тұлғалық өсуге бағытталған бірегей жоба. Жоба қатысушылардың талантын ашуға көмектеседі, олар білімге ұмтылады, қоғам өміріне белсенді араласады, болашақта өмірде пайдалы болатын тәжірибе жинайды. Жарайсың, Айым!

«ЖАСЫЛ МЕКЕН» - ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ 20 БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ 650 ОҚУШЫСЫ, 180 ПЕДАГОГЫ «ЖАСЫЛ МЕКЕН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖІНЕ ҚАТЫСТЫ.

Өткен сенбі күні өлке табиғаты мен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды, еңбекқорлықты, қоршаған ортаны көгалдандыру дамыту мақсатында елорда уақытымен бір мезгілде барлық білім беру ұйымдарында «Жасыл мекен» республикалық челленджі өтті. Челлендж аясында экологиялық сағаттар өткізіліп, мектеп ауласына тал көшеттері отырғы-

зылды. Шараға аудандық білім бөлімінің басшысы Серік Меруенов қатысып, «Жасыл мекен» акциясында оқушылармен бірге атсалысты. Ашылу салтанатында киелі жерімізді қорғап, аялау әрбір адамның міндеті екендігін баса айтып, барша оқушыларды еліміздің гүлденіп, өсіп өркендеу жолында абыройлы қызмет етуге шақырды.



ҚАНДАСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУДЫҢ ӨНІРЛІК КВОТАСЫНА ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ МЕН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ



«Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу» мемлекеттік қызметі eGov.kz электрондық үкімет порталы мен eGov mobile мобильді қосымшасында қолжетімді. Қызмет қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу үшін өтінім беруді көздейді.

Өңірлік квота қандастарды Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан және Абай облыстарын қоныстандыру үшін ҚР Үкіметі айқындаған өңірлерге бөлінеді.

Бұл ретте өңірлік квотаға енгізілген қандастарға көшуге субсидиялар (отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК-тен біржолға төлем) және 12 ай ішінде жалдау және коммуналдық қызметтерді төлеу шығындарын жабуға (бір отбасына 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде) мемлекеттік қолдау шаралары қолжетімді.

Сонымен қатар, қандас мәртебесін алған этникалық қазақ мына қызметтерге қол жеткізе алады: - ҚР аумағына кірген кезде көлік құралдарын қоса алғанда, жеке пайдалануға арналған мүлікке кедендік төлемдерді төлеуден босату; - қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталықтарында тегін бейімделу және интеграциялық қызметтермен қамтамасыз ету; - техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің оқу ұйымдарына түсуге квоталар шеңберінде білім алу

(Қазақстан Республикасында азаматтығы ұлты қазақ адамдар үшін квота 4% мөлшерінде белгіленген);

- Қазақстан азаматтарымен тең дәрежеде жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралармен қамтамасыз ету; - мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алуға өтініш беру мүмкіндігі. Бұдан басқа, 2023 жылғы наурыздан бастап тұрғын үй сатып алу, салу үшін немесе ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін біржолғы өтеусіз және қайтарымсыз негізде тұрғын үй құнының 50%-ы немесе бір отбасына 4 млн теңгеге дейін мөлшерінде экономикалық ұтқырлық сертификаты енгізілді.

Қызмет іске қосымған сәттен бастап 272 адам eGov.kz порталы арқылы өңірлік квота алуға өтініш берген. «Біз үшін мемлекеттік қызметтер Қазақстанның барлық азаматтары мен тұрғындары үшін ыңғайлы және қолжетімді болуы маңызды. Бүгінгі таңда біздің елімізде қандастар мен қоныс аударушылар үшін мемлекеттік қолдау шаралары көптеп жасалуда. Енді олар өңірлік квотаға енгізуге өтінімді ЖҚКО мен басқа мекемелерге бармай-ақ eGov.kz порталы мен eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы электронды түрде бере алады», - деп атап өтті Ұлттық ақпараттық технологиялар АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Конашкин.

Жаңа қызметті eGov.kz порта-

лында «Азаматтарға» - «Азаматтық, миграция және иммиграция» бөлімінен табуға болады. Дәл осы қызмет eGov Mobile мобильді қосымшасындағы «Қызметтер» -«Жеңілдіктер, жәрдемақылар және зейнетақылар» бөлімінде де қолжетімді. Өтінім беру үшін пайдаланушыға: -дербес деректерді пайдалануға келісімді растау керек; -квота беретін аймақты таңдау қажет; -өтініш беруші туралы мәліметтерді толтыру керек; -қазақ және орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған аудармасымен паспорттың көшірмесі енгізу керек; -неке немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмелерін (бар болса) қосу;

-белгілі бір мамандық бойынша білімін, біліктілігін және жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелерін қосу; -өтінішке бір реттік парольмен немесе ЭЦҚ арқылы қол қою. Қызмет нәтижесі қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы шешім немесе бас тарту туралы жауап түрінде Жеке кабинетте 14 жұмыс күні ішінде пайда болады. Жаңа қызмет «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмысы арқасында жүзеге асты.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы www.nitec.kz

УСЛУГА ПО ВКЛЮЧЕНИЮ В РЕГИОНАЛЬНУЮ КВОТУ ПРИЕМА КАНДАСОВ ДОСТУПНА НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ И В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE

Государственная услуга «Включение в региональную квоту приема кандасов» доступна на портале Электронного правительства eGov.kz и в мобильном приложении eGov Mobile. Услуга предусматривает подачу заявки для включения в региональную квоту приема кандасов и переселенцев. Региональная квота выделяется на регионы, определенные Правительством РК для расселения кандасов – Акмолинскую, Восточно-Казахстанскую, Западно-Казахстанскую, Костанайскую, Павлодарскую и Северо-Казахстанскую области и область Абай. При этом кандасам, включенным в региональную квоту, доступны меры государственной поддержки в виде субсидий на проезд (единовременная выплата каждому члену семьи по 70 МРП) и на покрытие расходов аренды и оплаты коммунальных услуг в течение 12 месяцев (в размере от 15 до 30 МРП на семью). Вместе с тем, этническим казахам, получившим статус кандаса, доступны следующие услуги: – освобождение от уплаты таможенных платежей на имущество для личного пользования, включая транспортные средства при въезде на территорию РК; – обеспечение бесплатными адаптационными и интеграционными услугами в центрах адаптации и интеграции кандасов; – получение образования в рамках квот на поступление в учебные организации технического и профессионального, послесред-

него и высшего образования (квота для лиц казахской национальности, не являющихся гражданами Республики Казахстан, установлена в размере 4%); – обеспечение мерами по содействию занятости наравне с гражданами Казахстана; – возможность подать заявление на получение жилья из государственного жилищного фонда. Кроме того, с марта 2023 года внедрен сертификат экономической мобильности для покупки, строительства жилья или для покрытия части первоначального взноса по ипотечным жилищным займам одновременно на безвозмездной и безвозвратной основе в размере 50% от стоимости жилья или до 4 млн тенге на семью. С момента запуска 272 человека подали заявку на получение региональной квоты с помощью портала eGov.kz. «Для нас важно, чтобы госуслуги были удобны и доступны для получения всех граждан Казахстана и не только. Сегодня в нашей стране все больше создаются условия и меры господдержки для кандасов и переселенцев. Теперь они могут подать заявку на включение в региональную квоту электронно на портале eGov.kz и в мобильном приложении eGov Mobile не посещая ЦОНЫ и другие учреждения», - отметил Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Конашкин.

Новую услугу на портале eGov.kz можно найти в разделе «Гражданам» - «Гражданство, миграции и иммиграция». Аналогичная услуга также доступна в разделе «Услуги» - «Льготы, пособия и пенсии» в мобильном приложении eGov Mobile. Для подачи заявления пользователю необходимо: -подтвердить согласие на использование персональных данных; -выбрать регион, предоставляющий квоту; -заполнить сведения о заявителе; -приложить копию паспорта с нотариально засвидетельственным переводом на казахском и русском языках; -копии свидетельства о браке или расторжении брака (при наличии); -копии документов, подтверждающих образование, квалификацию и опыт работы по определенной специальности; -подписать заявление одноразовым паролем или ЭЦП. Результат услуги появится в течение 14 рабочих дней в Личном кабинете в виде решения о включении в региональную квоту приема кандасов либо ответ об отказе. Новая услуга реализована благодаря работе АО «Национальные информационные технологии», Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК и Министерства труда и социальной защиты населения РК.

Управление по связям с общественностью АО «НИТ» www.nitec.kz

ЕКІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ МЕН EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Азаматтар eGov.kz Электрондық порталы мен eGov Mobile мобильді қосымшасында санаторийлік-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды алуға және алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту үшін анықтама алуға өтінім бере алады.

Қазақстандықтар «Санаторийлік-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру» қызметінің арқасында санаторий-курорттық емделуге қорытынды алу үшін электрондық өтінім бере алады. Өтініш берген кезде жіберілген диагнозға сәйкес клиникалық-диагностикалық зерттеулер нәтижелерінің электрондық көшімесі болуы қажет.

Қызмет көрсету нәтижесі: электрондық құжаттың 069/у нысаны бойынша берілген санаторий-курорттық карта немесе электрондық құжат нысанында «Жеке кабинетке» жіберілген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Санаторий-курорттық емдеу мамандандырылған мекемелерде көрсетілетін және минералды сулар, емдік балшық, термалды бұлақтар және т.б. сияқты санаторий-курорттық аймақтың табиғи факторларына негізделген кешенді емдеу-профилактикалық көмекті қамтиды.

«Алдын ала міндетті медицина-

лық қарап-тексеруден өту» мемлекеттік қызметін мына топтар қолада алады: дәріханалардың, фармацевтикалық ұйымдардың қызметкерлері; қызмет көрсету саласының қызметкерлері (моншалар, сауналар, шаштараздар, сұлулық салондары, кір жуатын орындар, химиялық тазалаушылар), бассейндер мен гидропатиялар, балшық ванналар, спорттық-сауықтыру ұйымдарының жұмысшылары; қан қызметі ұйымдарының медицина қызметкерлері, хирургиялық, гинекологиялық, акушерлік, гематологиялық, стоматологиялық профильдердің қызметкерлері және медицина қызметкерлері; мектепке дейінгі ұйымдардың, мектеп-интернаттардың, балалар санаториялық-курорттық жыл бойғы сауықтыру ұйымдарының, балалар үйлерінің қызметкерлері, отбасы үлгісіндегі үйлердің қызметкерлері; жолаушыларға қызмет көрсету ұйымдарының қызметкерлері (темір жол вокзалдары, аэровокзалдар, әуежайлар, теңіз және өзен станциялары, автовокзалдар, метрополитендер); қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметкерлері; жалпы білім беретін мектептерге, орта арнаулы және жоғары оқу

орындарына оқуға түсуге үміткерлер студенттерге және т.б. Қызмет көрсету нәтижесі: №075-у нысанында берілген медициналық анықтама (дәрігердің консультативтік қорытындысы) не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап нысанында электрондық құжат «Жеке кабинетке» жолданады. Өтінімді өңдеу туралы хабарлама eGov.kz порталының «Жеке кабинетінде» 30 минут ішінде пайда болады.

Қызметтерді eGov.kz порталында «Азаматтарға» - «Денсаулық сақтау» - «Медициналық көмек» бөлімінде қолжетімді. Аналогиялық қызметтерді eGov Mobile мобильді қосымшасында «Денсаулық сақтау» бөлімінде алуға болады. Қызметтер «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер көрсету комитеті, «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ РМК және Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің бірлескен жұмысының арқасында жүзеге асырылды.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ДВЕ МЕДИЦИНСКИЕ УСЛУГИ АВТОМАТИЗИРОВАНЫ НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ И В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE



На портале Электронного правительства eGov.kz и в мобильном приложении eGov Mobile граждане могут подать заявку на получение заключения о необходимости в санаторно-курортном лечении и на получение справки для прохождения предварительных обязательных медицинских осмотров. С помощью услуги «Выдача заключения о необходимости в санаторно-курортном лечении» казахстанцы могут подать электронную заявку для получения заключения на санаторно-курортное лечение.

При подаче заявления необходимо иметь электронную копию результатов клинко-диагностических исследований согласно направленному диагнозу. Результатом оказания услуги является санаторно-курортная карта, выданное по форме 069/у электронного документа, либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги направленное в «личный кабинет» в форме электронного документа.

Санаторно-курортное лечение включает в себя комплексную лечебно-профилактическую помощь, оказываемую в специализированных учреждениях и основанная на природных факторах санаторно-курортной зоны, таких как минеральные воды, лечеб-

ные грязи, термальные источники и т. д. Государственной услугой «Прохождение предварительных обязательных медицинских осмотров» могут воспользоваться следующие группы лиц: работники аптек, фармацевтических организаций; работники сферы обслуживания (бани, душевые, сауны, парикмахерские, косметологические салоны, прачечные, химчистки), работники бассейнов и водолечебниц, грязелечебниц, спортивных-оздоровительных организаций; медицинский персонал организаций службы крови, медицинских работники хирургического, гинекологического, акушерского, гематологического, стоматологического профилей и медицинские работники; работники дошкольных организаций, школ-интернатов, детских санаторных круглогодичных оздоровительных организаций, детских домов, работники домов семейного типа; работники организаций по обслуживанию пассажиров (железнодорожных вокзалов, аэровокзалов, аэропортов, морских и речных вокзалов, автовокзалов, метрополитенов); работники объектов общественного питания; студенты, общеобразовательных

школ, средних специальных и высших учебных заведений и поступающие на учебу и др. Результатом оказания услуги будет медицинская справка (врачебное профессионально-консультативное заключение), выданная по форме №075-у либо мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги направленное в «личный кабинет» в форме электронного документа. Уведомление об обработке заявки появится в течение 30 минут в Личном кабинете на портале eGov.kz.

Услуги доступны на портале eGov.kz в разделе «Гражданам» - «Здравоохранение» - «Медицинская помощь». Аналогичные услуги также доступны в приложении eGov Mobile в разделе «Здравоохранение». Услуги реализованы благодаря совместной работе АО «Национальные информационные технологии», Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, РГП на ПХВ «Республиканского центра электронного здравоохранения» и Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

АДАМДАР ЖАППАЙ ЖИНАЛАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ



Адамдар жаппай жиналатын объект – бір мезгілде жүз және одан да көп адамның келуіне мөлшерленген сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, мәдени-ағарту және ойын-сауық ұйымдарының, ғибадат ғимараттарының, көңіл көтеру орындарының, көліктің барлық түрлері вокзалдарының ғимараттары, құрылыстары және үй-жайлары, сондай-ақ бір мезгілде жиырма бес және одан да көп адамның келуіне мөлшерленген денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет ұйымдарының, қонақ үйлердің ғимараттары мен құрылыстары жатады. Көп жағдайларда мұндай объектілерде өрт шыққан кезде әрекет ету ережелері туралы адамдардың түсінігі болмайды. Қазіргі заманғы адамдар көп жиналатын

барлық объектілердің өрт жүктемесі аса жоғары және өрт шыққан жағдайда от және жану өнімдері барлық бөлмелерге тез таралып, оларды өте жылдам толтыра отырып, өмірлік маңызды оттегін ығыстырады. Улы газдың кішкене ғана концентрациясымен дем алған жағдайда адам өліп кетуі мүмкін екенін есте сақтау қажет. Өйткені, статистика бойынша, көптеген өрттерде адамдар жоғары температура әсерінен емес, түтінмен тұншығудан өледі. Түтінмен тұншығу – жану өнімдерінің адамның тыныс алу жүйесіне ену процесі, бұл бөлмедегі өртте адам өлімінің негізгі себебі болып табылады. Ыстық түтін тыныс алу жүйесіне еніп, тыныс алу мүшелерінің күйіне әкеледі. Адамдар жаппай жиналатын объектіде өрт шыққан жағдайда жасалатын іс-әрекеттер жиынтығы:

1.Кез келген адамдар көп жи-

налатын объектілерге кіргенде қосымша және авариялық шығу жолдарына көңіл бөліп, ойша оларға қарай жүріп өтіңіз; 2.Ғимараттан шығарда жақын жерде орналасқан эвакуациялық шығу бағытымен шығыңыз. Ештеме іздемей, жинақтамай оттан тезірек шығыңыз; 3.Адамдар көп жиналатын объектілерде зиянды жану өнімдері Сіздің бойыңыз бен оданда жоғары деңгейде жиналуы мүмкін, сондықтан эвакуациялық шығуларға еңбектеп өтіңіз, өйткені еденге жақын ауа температурасы төмен әрі оттегі көбірек болады; 4.Егер түтіннің әсерінен тамағыңыз жыбырлап, көзіңіз жасаураса – тыныс алу жолдарын қандай да бір көп қабатты мақта матасымен мықтылап бүркеп өтіңіз, мата арқылы демалыңыз; 5.Кез-келген жағдайда сабырлық сақтап, басқаларды тыныштандырып, үрей тудыруға жол бермеңіз. Өрттің шығуы немесе жану (түтіндеу, температураның жоғарылауы, күйік иісі) белгілері туралы «101» немесе «112» телефондары арқылы (ұялы телефон арқылы теңгерімнің болмауына қарамастан теріледі) өртке қарсы қызметке хабар беріңіз. Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тума-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүруіңізді сұраймыз.

САРАПТАМА САПАЛЫ БОЛУЫ ҮШІН...

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК КОМИТЕТІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ №3 МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА БАСҚАРМАСЫ (МӨС) БАСҚАРМА БАСШЫСЫ БЕКІТКЕН КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСТАР КЕСТЕСІНЕ СӨЙКЕС, 2023 ЖЫЛҒЫ МАМЫР АЙЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС ӨТКІЗДІ. АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫНЫҢ БАЗАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛДІ.



Семинарда Ойыл ауданының 2022 жылға арналған «Ересектер мен балалар тұрғындарының алғашқы мұгедектігінің өзекті мәселелері», сондай-ақ медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінің қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері талқыланды. Мәселен, 2021 жылғы 15 қарашадан бастап мемлекеттік қызмет электрондық форматта пилоттық жобада көрсетіледі. Тиісінше медициналық-әлеуметтік сарапта-

маға қорытынды сапалы деңгейде ресімделіп, тексеру кезінде науқастың шынайы объективті жағдайы, бір айдан кешіктірмей мамандарды тексеру және тексеру нәтижелері мен оңалту шараларының жоспарын толтыру міндетті, клиникалық диагнозда негізгі және қатар жүретін патологиядағы барлық асқынуларды көрсетеді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 12 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы жеті

жасқа дейінгі балалар үшін мүгедектік топтарын белгілеу нормасын реттейді. Заң 2021 жылдың 24 қазанында күшіне енді. «Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы No 26 бұйрығына да өзгерістер енгізілді. Алғашқы мұгедектіктің алдын-алу өзекті болып қала береді. Бұл диспансерлік бақылаумен жиі және ұзақ ауыратындарды диспансерлік бақылаумен қамту және оңалту шараларының кешенін уақтылы жүзеге асырудың алғышарты.

НұриЛА БРАЛОВА,

Салауатты өмір салтын қалыптастыру кабинетінің дерігері.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ – АДАМНЫҢ ЖАУЫ МА?



Әлеуметтік желіге тәуелділік

Әлеуметтік желі - қоғамның ең ауқымды мәселелерінің бірі. Бүгінде, еңбектеген баладан, еңкейген қарияға шейін ұялы телефонның құлағында ойнайды. Қазіргі таңда, статистикаға сүйенсек, соңғы жылдары әлеуметтік желіні пайдаланушылар саны күннен күнге көбеюде. Әлемнің 42% яғни 3.2 миллиард адам, әлеуметтік желіні пайдаланады. Бір жағынан, әлеуметтік желілердің арқасында сіз жаңа достар таба аласыз. Сіз ерқашан басқа қалаларда немесе тіпті басқа елдерде тұратын адамдармен танысуды армандаған боларсыз. Қазіргі таңда, желінің арқасында, бұл да мүмкіншілікке айналып кетті. Неліктен ел арасында пікірталас орнады? Әлеуметтік психолог, Джонатан

Хайтд жақында Atlantic журналында «Соңғы 10 жылда американдық өмір неге бұрынғыдан да ақымақ болып кеткенін» түсіндіретін мақаласын жариялады, кінәні тікелей әлеуметтік медиаға жүктеп, адам баласының әлеуметтік желінің кесірінен күн санап ақымақтана бастағанын айтып, ел арасында пікірталас орнатты. BBC сауалнамасы бойынша, Instagram жастардың психикалық денсаулығына ең нашар әсер береді деген қорытындыға келді. Жасөспірімдер сауалнамасына 14 пен 24 жас аралығындағы 1479 жасөспірімдер қатысты. Сауалнама мазасыздық, депрессия, жалғыздық, кибербуллинг және назардан тыс қалудан қорқы сияқты мәселелерді анықтады. Instagram ең зиянды деп бағаланса, YouTube ең аз зиянды желілердің бірі деп бағаланды.

Адамда сенімсіздік неден пайда болады?


Күн санап, қоғам стереотиптері күрделеніп келеді. Адамзат,сән айнасына миға қоныссыз заттарды айналдырып, оны тіпті пір тұтатындай жағдайға жетуде. Егер сен, қоғам талабына сай киінбесең, жүрмесең, онда сені сәннен қалған деп, сегеді деген қауіп адам миында орналып қалады. Міне, осы себептен де адам тұла бойындағы ең бір жағымсыз қасиеттердің бірі, өз-өзіне сенімсіздік пайда болады. Өз-өзіне сенімсіз адам, қоғам алдына шығуға, сөз сөйлеуге, өз-өзін көрсетуге, жалпы айтқанда назар аудартқаннан қашады. Адам өз өзін іштей жегідей жеп, ыңғайсыздықта, қысылып тұра қалады. Өрбір адамның ол жайлы не ойлайтындығы, қандай ой қалыптасатындығы, не деп санайтыны сенімсіз адамның миын мазалап, көкейінде 1000 түрлі сұрақ оятады. Ал, бұл сенімсіздік атты адам қас жауын жеңетін қандай да бір ем бар ма? Психологиялық тренингтер? Бәлкім үрейінді жеңу үшін, өз өзінді жиі қоғамға көрсетіп үйрету керек пе? Қандай да бір мәселені шешу үшін, адам баласы өз қорқынышына тіке қарай білуі тиіс. Сол себептен де,бұл қасиеттен арылудың бірден бір

жолы ол-өз қорқынышыңа тіке қарау. Статистикаға сенсек, 21 ғасыр адамдарының 98% өз өзіне сенімсіздікпен қарайды. Оларға қандай да бір шешімді, өз қалауларыңша қабылдау немесе өз қалауымен жүру қиынға соғады деседі. Қортындылай келе,қоғам талабын ескермеу үшін, сен өз талабыңды қоя білуге тиіссің. Өз мүдденді, өз ұстанымыңды білдіріп, өзінді жеке тұлға ретінде көрсете алсаң, сенімсіздіктен де, басқа да қоғам алдындағы қорқынышыңнан мүлде арыла аласың. “Ұрыста сенімділік жеңеді” Назарыңызға өз-өзіңізге сенімділік арттыру жолдарын көрсетейік: 1.Қорқыныштарыңыздан бас тартпаңыз! 2.Сенімділігіңізді арттырыңыз! 3.Қорқынышыңызды мойындаңыз! 4.Қорқыныштарыңызды зерттеңіз! 5.Бүгін немесе ешқашан қағида-сы! 6.Сенімсіздік - ол жәй ғана адам бойындағы сезімнің бір түрі. 7.Қорыққан адам – әлсіз! 8.Сенім оты - сөз! 9.Жігерлене біліңіз! 10.Өз сөзім - өз қағидам!



Гаухар ОРАЗҒАЛИЕВА, Ақтөбе қаласы, 74 ЖББОМ 11 сынып оқушысы.

ДЕРМАТОМИКОЗ - ЖАНУАРЛАРДАН ЖҰҒАДЫ



Дерматомикоз ауруы – адамдар мен жануарлар арасында кең таралған ортақ паразитарлық ауру. Дерматомикоз саңырауқұлақ инфекциясы болып табылады, таз ауруына әкеліп соқтыратын жұқпалы тері ауруы. Науқас адамның тері қабыршақтары кілемге, еденге түсіп ұзақ уақыт сақталады. Саңырауқұлақтар шашты, тері қабатын, тырнақтарды зақымдайды. Ауру науқас адамнан, үй жануарларынан (өсіресе үйсіз мысықтар, иттер) жұғады. Инфекция науқас адаммен және жануармен тікелей байланыста болғанда, яғни қол алысу,жеке заттар (киім, аяқ киім, тарақ, сүлгілер, маникюр керек жарактары және т.б), ортақ заттар (кітаптар, қаламдар, жиһаздар, ойыншықтар) арқылы берілуі мүмкін. Сонымен қатар шаш алдыру кезінде, тырнаққа маникюр жасау кезінде, моншаға барғанда гигиеналық талаптар сақталмаған кезде жұқтырады. Аурудың инкубациялық кезеңі (жасырын кезеңі) 1 аптадан 1 айға дейінгі аралықты құрайды. Белгілері: - шашының түсуі, терінің қабыршақталады, бас терісінде бөртпе пайда болады; - тегіс теріде дөңгелектенген айқын шекаралары бар,шеттері көтерілген қабынудан ісінген дақтары пайда болады. Зақымданған ошақтың ортасында құрғақтанған қабыршықтар болуы мүмкін. Сонымен қатар, науқастардың көпшілігі өз ауруына мән бермей,

басқалардың денсаулығына қауіп төндіре отырып моншаларға, бассейнге, спорт залдарына, шаштараздарға барады. Ауруды жұқтырудың алдын алу мақсатында келесі қағидаларды сақтауды ұсынамыз: - бөгде адамдардың бас киімдерін, аяқ киімдерін, тарақтарын, төсек-орын жабдықтарын және керек-жарақтарды пайдаланбау; - қаңғыбас мысықтар мен иттермен байланыста болмау; - жануарлармен байланыста болғаннан кейін, құмсалғышта ояғаннан кейін қолды сабынмен жақсылап жуу қажет; - ваннада немесе душта үнемі жуынып тұру (аптасына кемінде бір рет). - санитариялық қағидаларға сәйкес үнемі профилактикалық дезинфекция жүргізілетін моншаларға, сауналарға, жүзу бассейндеріне, спорт залдарына бару керек екенін білу маңызды; - сүлгіні жиі жуу, міндетті түрде үтіктеу; - ата-аналары балаларына қол жуу қағидаларына үйрету, қаңғыбас жпнуарлармен ойнамауды ескерту; - үй мысықтары мен иттерде аурудың алғашқы белгілері пайда болғанда оларды емдеу үшін ветеринариялық дәрігерге көрсету қажет. Егер теріде және бас терісінде бөртпелерді байқасаңыз, дер кезінде диагноз қою және тиісті ем алу үшін медициналық ұйымдарға тексерілу қажет.

Ойыл аудандық санитариялық бақылау басқармасы

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРДЕН ЕКІ ЖҮЛДЕ



Жуырда Ұлы Жеңіс күні қарсаңында Ақтөбе қаласында Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы В.И.Аносовты еске алуға арналған 2008-2009 жылдарғы жасөспірімдер арасында екінші халықаралық турнир өтті. Еліміздің бірнеше облысы мен Ресей, Өзбекстан мен Қырғызстаннан 150-ден астам балғын боксшылар қатысқан турнирге Ойыл балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі бокс үйірмесінің жаттықтырушысы Сейіт-

жан Ермағамбетов те өзінің үш шәкіртің үкілеп қосты. Бұған дейін талай жарысқа қатысып, ысылған балғын былғары қолғап шеберлері бұл жолы да бапкерінің үміт ақтады. Оның екеуі жүлдеге қол созды. Мәселен, 66 кг салмақ дәрежесінде шаршы алаңға шыққан Ғалымжан Қаршыға қола жүлдеге ие болса, 70 кг-да талай жерде топ жарған Исабек Манарбеков турнирдің күміс медалына қол жеткізді.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АЗАМАТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Еңбек және әлеуметтік қорғау Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бақылау бөлімінің басшысы А.Мұхитов пен бас маман Қ.Сариманов ағымдағы жылдың 10-12 мамыр аралығында «Ойыл аудандық ауылдық округтері әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелеріне, «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаменті Ойыл аудандық бөлімшесіне, «Ойыл ауданының Сапақөл орта мектебі» және «Қараой мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемелеріне «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңын сақтау мәніне 2023 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған мүгедек-

тігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау аясында профилактикалық бақылау жүргізді. Профилактикалық бақылау барысында, мекеме қызметкерлері арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына қолжетімділікті қамтамасыз ету бөлігінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғауға бағытталған заңдардың негізгі нормалары баяндалды. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін кейінгі бақылауда тұрған 15 нысандарға мониторинг және декларацияға сәйкес 2022 жылы пайдалануға берілген 9 нысанға тексеру жүргізілді.

КЕНЕДЕМ КЕЛЕР КЕСЕЛ КӨП



Жаз келе жатыр деп қуана бастаймыз, бірақ жаздың да адам мен мал үшін өзіндік зиянкестері бар екенін ескерген жөн. Күннің жылуымен, кенелер бас көтере бастайды. Соның ішінде кенелердің белсенділігі артатын шақ осы. Оның адам мен малды шағуы кене энцефалиті, геморриялық қызба, туляремия секілді қауіпті жұқпалы ауруларды туғызуды мүмкін. Кенелерден көктем айларында ғана емес жаз бойы, тіпті қазан айына дейін сақтанған жөн. Өткен жылы ауданымызда 1 кене шағу дерегі тіркелді. Аурудың вирусы адамға негізінен иксод кенелерден қанды соруы арқылы беріледі. Шағып тұрған кенені бірден жұлып тастауға да болмайды. Өйткені кене өзінің инесін немесе басын қалдырса қабыну реакциясын туғызуды мүмкін. Кененің шаққан орнын этил спиртімен (арақпен) немесе иіс сумен, иодпен сүрту керек. Кенені суырудың халық арасына тараған тағы бір әдісі – алдымен сіріңкені тұтатып, сосын оны өшіріп, қалдық суымай тұрғанда тұқылдың басын кененің артқы жағына басса, ол жиырылып, инесін өзі суырып алады.

Шағып тұрған кенені алу үшін майды, майлы кремді қолдануға болмайтынын ескертеді. Мұндай жағдайда оның демалуы бітеліп, сілекей мен қоздырғыштарды рефлекторлы түрде қанға жібереді, осылайша инфекция қаупін арттырады. Кене шағып алған адамдарға медициналық көмек, кеңес беру және дәрігерлік бақылау үшін тұрғылықты жері бойынша емханаға бару ұсынылады. Ауданымызда туляремия ауруы бойынша қолайсыз табиғи ошақтар болуына байланысты адамдар профилактикалық им-мундауға жатады. Вакцинация тұрғылықты жерлері бойынша емханаларда жүргізіледі. Кене шағудың алдын алудың бір шарасы табиғат аясына шыққан кезде ұзын жеңді киім кию, сонымен бірге ашық түсті киім кию ұсынылады. Адамдар бір-бірінің киімдерін бақылап отырғанда оны бірден анықтай алады. Сондай-ақ репеленттерді де қолдануға болады. Биыл мемлекеттік тапсырыс шеңберінде сәуір және қыркүйек айларында ауданымызда кенеге қарсы дезинфекциялық іс-шаралар өткізілетін болады.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

СПОРТКА ЖАНЫМЕН БЕРІЛГЕН ЕРБОЛАТ

БИЫЛҒЫ 12—13 МАМЫР КҮНДЕРІ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА КҮРЕС ТҮРЛЕРІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ, СПОРТ АРДАГЕРІ, САМБОДАН КСРО СПОРТ ШЕБЕРІ, ЕСНИЯЗОВ ЕРБОЛАТ ТӨНІРБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ 75 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ЕРКІН КҮРЕСТЕН 2010—2011ЖЫЛДАРЫ ТУҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ОБЛЫСТЫҚ АШЫҚ ТУРНИР ӨТТІ.



Ойыл ауданының әкімшілігінің, маслихатының және балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің қолдауымен өткен мәдени іс шара барысында спорт ардагеріне айрықша құрмет көрсетілді. Ал, Ерболат Есниязов кім еді? Әрине, алпысыншы жылдардың аяғы мен жетпісінші жылдардың басында, тіпті сексенші жылдардың ішінде бұл азаматтың есімін ауданның, облыстың жанкүйерлері жақсы білетін еді. Сорттың бокс, самбо, күрес түрлерімен дендеп, айналысты.Самбо, еркін күрес бойынша өткен жарыста топ жарып республика чемпионы атанғаны есімізде.Самбо, еркін күрестен республикада танымал болып, одақтық жарыстарға қадм басқан спортшы болатын.

Сол белгілі спортшы Ойылда алғаш спорт мектебі ашылған сәттен күрестен жоғары дәрежелі бапкерлік қызмет атқарды. Ұзақ жыл еңбек етіп, көп шәкірттер тәрбиеледі. Сол жылдардағы күресте жүлде алған ойылдық спорт саныхлақтарының көпшілігі Ерболаттың алдынан өтіп, сабақ алған болатын. Оның шаршы кілемде айқасқа түсіп, облыс, республика қоржынына жүлде салған шәкірттері бүгінде елу мен алпыстың арасында жүрген азаматтар. Мәселен, Құнанбай Дәулетқалиев, Мұрат Жақанов, Қуандық Жоламанов, Мінсізбай Жайлыбаев, Аманқос Нұрпепесов. Бұл тізімді соза беруге болар еді...

Тағдыр маған осындай даңқты спортшының балалық шағын жақсы білудің ораын келтірген еді. 1963 жылы сегізжылдық мектепті бітіргеннен кейін орта білім алуды Ойыл селосында жалғастыруым керек болды. Әкемнің өмірден ерте өткені, жасы келген жесір әйелдің баласы екенім, интернатқа қабылдауға сеп болмады. — “Әкесі жоқ жары жетім, шешесі жоқ бүтін жетім” - деп мақалдады интернат басшысы.

Шарасы таусылған шешем Ойылдан жатқызатын жер іздеді. Ақыры таныс келіні Ұлзипа Қауымбаеваның көмегімен, сол кісінің көршісі Сән апаның үйіне орналастырды. Сол кездегі Чапаев пен Ленин көшелерінің қиылысында орналасқан селодағы жалғыз моншаның шарбағындағы төбесін құрақпағазбен жапқан, саманнан тұрғызылған, аласа ғана шағын үй екен.

Апа моншада жұмыс істейді. Менен бір жас кіші, сегізінші класта оқитын ұлы, балабақшаға баратын үш жасар қызы бар. Жолдасы Ойыл өңіріне белгілі Тәңіржан Есниязов шебер екен. (Қазір ол марқұмның бір кезде қолынан шыққан өнер бұйымдары Ойылдың музейінде тұр). Дәм-тұздары жараспапты. Ажырасқанмен, әкесі баласын қамқорлап, шамасы жеткенше қарасып тұратынын білдім. Ал апа өз кезегінде Тәңіржанның кейінгі құрған отбасымен де жатырқамай ге ашық түсті киім кию ұсынылады. Адамдар бір-бірінің киімдерін бақылап отырғанда оны бірден анықтай алады.

Сан апа аптасына үш күн жағылаптын моншада уақытпен санаспай жұмыс жасады. Жұмысы ауыр. Ертеңнен кешке дейін сылып жүреді де қояды. Бес мың халық тұратын селодағы жалғыз монша болғандықтан, келуші көп. Ер-әйел сәскеден ұзын сонар кезекке тұрады. Ертеңгілік басталған монша түнге ұласып аяқталады.

Алайда апай үшін мұнымен жұмыс бітпейді. Моншаны түнімен тазартып, жуып шығады. Осындай жанкешті жұмыста жүріп те үйін ұмытпайды. Арасында уақыт тауып, екі пілтелі керосинкаға үлкен таба қойып, тамақ пісіріп кетеді. Картоп қуырады. Картоп өнімін жаздай өзі күтіп баптаған далалықтағы танаптан жинайды. Сол картоптың дәмі әлі күнге дейін аузымнан кетпейді. Көбіне ірі малдың ішек-қарынын, өкпе-бауырын араластырып, қуырмаш жасайды. Сиректеу ет пісіретін де жағдайлары болады. Мұндай жылы жұмсақты апамыз біреулердің малын сойып беру арқылы табады. Қандай ірі малды да бауыздап берсе болды, қалған жайғау жұмыстарын тез тындырады. Әйел адамға мал бауыздауға болмайды деген қағида ны ұстанып, өзі мал бауыздамайды. Осы өнерін талайдан білетін көрші*көлемі, таныстары соғым науқанын қойып, былайғы жай күндері де мал союға шақырады да жатады. Былайша айтқанда, апамыздың моншадан алатын азғантай жалақысынан кейінгі, қосымша табыс көзі бұл.

Хрущевтың реформасы тұйыққа тіреліп, елдің жағдайы кетіп тұрған шақ та, апамыздың әлгіндей өнері бізді ашықтырмады. Ол кездегі біз үшін ең басты қиындық бір қолға бір нан, артық жоқ. Екі бөлек сыныпта оқитын Ерболат екеуіміз сабақтан қалай шығуымызбен байланысты дүкенге келіп, екі жерден нанның кезегіне тұрғанда, қолымызға екі нан тиді сирек, кейде бір нан, кейде күр қол шығамыз. Сондағы алған нанымыздың сапасы нашар. Таңдау жоқ, бірыңғай қара нан. Тіпті кейін наубайхана ол ұнды да таба алмай, жүгері ұнын араластырып пісіретін болды. Онысы көкеязда-нып шемен болып қатып қалады.

Ерболат деген баланың мінезі алғашында маған қызық көрінді. Айырмамыз бір жас қана болғанмен, ауылдан келген мені бірден аға тұтты. Бауырмалдығы сондай, төсекке қатар жатқан-да, басын бауырыма тығып ұйықтайды. Аз күнде екеуіміз тез үйренісіп, бір үйде баласындай бауырласып кеттік. Сенікі-менікі жоқ, бір-біріміздің киімімізді кие береміз. Ұдайы егіз қозыдай боп бірге жүреміз, бірге тұрамыз. Екі «сменда», мен түске дейін, ол түсқайта оқыды. Апамыз табаға картоп пісіріп, моншадағы жұмысына кетеді. Мен сабақтан келгенде, табадағы картоптың тең жартысы тұрады. Ерболат пышақпен ортасынан қақ бөліп жеген де, сабаққа кеткен. Ол қалдырған жары таба картопты мен жеймін. Сонда апамыздың да тамағы бар-ау деп екеуіміз де ойламаймыз. Жарықтық, қанша жыл үйінде жатқанымда бір ескертуді ұмытпай отырмады. Сосын математикадан бастап, күллі күрделі пәндерден бес-алты емтихан тапсырады. Қанша жыл барған-да жан-жақты спортшы Ерболат спорттық нормативтерді орындауда алдына жан салмайды да, әлгіндей ең қиын пәндік емтихандардан сүрінеді. Оқуға түсе алмаған талапкерді ол кезде сол күзде-ақ әскер қатарына алады. Ерболат та Қиыр Шығыстан бірақ шығып, теңізші болып қызмет етті. Ұдайы спорттық жарыстарға қатысып, өз әскери бөлімінің намысын қорғады. Үш жыл Қиыр Шығыста болып, теңізші формасымен оралған Ерболаттың келбет тұлғасы бөлек еді. Спорттық бабындағы бозбалаға ауылдастары сүйсіне қарады.

Сол кездегі шет елдік футболшы, хоккейші жастарға еліктеп, жел-ке шашын өсіріп иығына түсіріп жүретін. Самбо, бокс, күрес сынды спорттың бірнеше түрімен айналысып, ұдайы бақ сынайтын спортшының бұл да бір ерекшелігі еді.

Әскерден келгеннен кейін де

Ол уақыт та спорт құралдары тапшы. Бокс қолғап біреуде бар, біреуде жоқ. Нағыз хоккей таяғын кермейсің. Жалғыз штанга —бел-темір мектептің спорт залында ғана.

Спорт оқулықтары,әсіресе қазақ тіліндегі кітаптар ауылға жете бермейді. Ерболат одақтан шығатын "Советский спорт", республикалық" Спорт" газеттерін жаздырып алады. Қайдан табатынын білмеймін, орыс тілінде жазылған самбо, күрес, бокс туралы жаттығу кітаптарын оқып жүреді. Оқып қоймайды, кітап ішіндегі суреттер арқалы көрсетілген жаттығуларды жиі-жиі қайталайды. Бірде үйдегі аядай бөлмеде еркін күрестің "Қайшылау" деп аталатын әдісін маған жасағаны бар. Яғни секіріп ауада көлденең қалқып тұрып, сонша жылдамдықпен бір сирағын қарсыласының кеудесінен, екінші сирағын қарсыласының екі аяғының сыртынан іліп, қайшылап, қарсыласын шалқасынан сулатып түсіреді. Ерболаттың айтуынша, бұл әдісті қазақ палуанының ішінен Әбілсейіт Айқанов қана қолданады. Сол тұстағы әйгілі қазақ боксшы Әбдісәлан Нұрмахановты да пір тұтады. "Қайраттың" ойынын жібермейді.

Ол кезде Ойылда телевизор жоқ, әр үйдің қабырғасында ілулі тұратын құйтай радиоқабылдағыштан хабар тыңдалады. Ерболат сол радионың бағдарламаларын жазып алып, Одақ бойынша футболдан, хоккейден, әр деңгейдегі қай команда қашан кездесетінін алдын-ала біліп отырады. Радиодан берілетін спорттық кездесулердің репортаждарын жібермей тыңдап, екі команданың біріне жанкүйер болып, күйіп-пісіп отырғаны. Кездесу нәтижелерін үзбей жазып жүреді. Бұдан бөлек, одақ бойынша ауыр атлетикаға қатысушылардың нәтижелерін бір бөлек тізеді. Осылардың барлығын қамтып, қалың бетті дәптерге арнайы кесте жүргізеді. Соған спорттың сан түрінің әр ойынының нәтижелерін ертеңді қарақеш ерінбей жазып жүреді.

Бір кемшілігі күнделікті оқуға тап спортқа құлшынғандай еңбектенбейді, табандылық көрсетпейді. Егер сондай құлшынысты оқуға арнаса, Ерболат мектептегі үздік оқушы болар еді.

Соның өзінде зеректігі ғой, мектепті жақсы бітірді. Он бір жылдық оқу жойылып, онынысы сыныпта оқитын Ерболат екеуіміз мектепті бірге бітіріп, аттестат алып шықтық.

Ендігі оның алға қойған мақсаты — Алматының спорт және дене тәрбиесі институтына түсу болды. Былайғы жұрт ол оқу орынына түсуді оңай көреді. Ерболат сияқты спортқа қабілеті барды ала беретін шығар деп ойлайды. Ал шын мәнінде олай емес, ең қиын оқу осы екен. Емтиханы екі бөліктен тұрады: спорттық нормативтер орындайды. Сосын математикадан бастап, күллі күрделі пәндерден бес-алты емтихан тапсырады. Қанша жыл барған-да жан-жақты спортшы Ерболат спорттық нормативтерді орындауда алдына жан салмайды да, әлгіндей ең қиын пәндік емтихандардан сүрінеді. Оқуға түсе алмаған талапкерді ол кезде сол күзде-ақ әскер қатарына алады.

Ерболат та Қиыр Шығыстан бірақ шығып, теңізші болып қызмет етті. Ұдайы спорттық жарыстарға қатысып, өз әскери бөлімінің намысын қорғады. Үш жыл Қиыр Шығыста болып, теңізші формасымен оралған Ерболаттың келбет тұлғасы бөлек еді. Спорттық бабындағы бозбалаға ауылдастары сүйсіне қарады.

Сол кездегі шет елдік футболшы, хоккейші жастарға еліктеп, жел-ке шашын өсіріп иығына түсіріп жүретін. Самбо, бокс, күрес сынды спорттың бірнеше түрімен айналысып, ұдайы бақ сынайтын спортшының бұл да бір ерекшелігі еді.

Ерболаттың бар ықыласы Алматыға ауды да тұрды. Дене тәрбиесі институтында оқып жоғары білім, әйгілі бапкерлерден өзі қалаған спорттың түрінен тәлім алғысы келді. Алайда қанша талаптанса да, жолы болмай қойды. Алматыдан кетпей, құрылыс орындарында жұмыс істеп, үш жыл бойы оқуға қалайда түсем деп табандылық көрсетті.

Алматыға іссапармен барып жүріп, Ерболатты осындай жағдайда талай көрдім. Ол кезде қалада тұрғылықты тіркелу ылай тұрсын, уақытша тұру үшін тіркелудің өзі қиямет-қайым болатын. Сондай ресми ұлықсаты болмаған Ерболат үш жыл милициядан қашып-пысып, құрылыста жұмыс істеп, соның жатахана-сындағы таныстарына, ауылдас студенттерге барып жасырынып түнеп жүрген.

Ол кезде паспорттық режимнің талабы аса қатал. Әр ұстаған сайын қаладан 24 сағаттың ішінде кетіп болуға шешім шығарып, төлқұжатқа мөрлеп басып беріп отырған. Мен көргенде Ерболаттың төлқұжатында бос жер қалмаған екен.

Осындай қиын жағдайда жүрген інімді аяп, мен ауылға қайтуға кеңес бердім. Және соған көндіріп, өзіммен бірге ұшаққа билет алдым. Ойылға келгенімізде, әсіресе бұған анасы мықтап қуанды. Өз үйі - өлең төсегіне жеткесін Ерболат жаңа тірлік бастады. Спорт мектебіне бапкер болып қызметке кірісті. Ауданның, облыстың намысын қорғап, спорттық жарыстарға да жиі барып жүрді.

Ақтебенің Хромтау ауданының Мағаджан кеңшарында тұратын Айсұлу есімді сүйгеніне қосылып, отбасын құрды. Құда болып өзім бардым. Келін Ойыл қазақ орта мектебіне ұстаз болып орналасып. Біраз жыл жұмыс істеді. Сырт көз қызықандай үлгілі отбасы болды, аналары Сән апамызды жақсы бақты.

Бір ұл, бір қыз дүниеге келді. Қарындасы Ғалия Ақтөбе қаласында тұратын теңіне тұрмысқа шығып, апамыз құдалық—құдағилық ретпен екі ортаны жол қылып жүрді.

Осы қызықты күндер жалғаса берер ме еді, егер көшегі тоқсаныншы жылдардағы қиындықтар бұл жас отбасының да алдына тосқауыл қоймағанда. Ерболатқа да отбасын сақтап, анасын, бала-шағасын асырау үшін қала маңына жақындауға тура келді. Хромтау ауданының Ақжар елді мекенінен қоныс тапты. Жары ұстаздық жолын жалғастырды. Өзі бір кездегі Ойыл кәсіптік-техникалық училищесінен алған механизаторлық мамандығы бойынша еңбек етті. Бойына өнер қонған Тәңіржан шебердің баласы ғой, механизаторлығынан да гөрі, дөнекерлеушілігімен аты шықты. Екі мыңыншы жылға дейін Ақтөбе, Хромтау өңірлерінің көлік жүргізушілері дөнекерлету үшін Ақжар ауылына Ерболатты іздеп келіп жүреді екен. Шеберлік қасиет қаншада бар азаматтың дөнекерлеген бұйымы балталаса ажырамайтын көрінеді.

Осындай қақырлы еңбекпен өткен соңғы ширек ғасыр Ерболаттың өміріне де өз өрнегін салды. Қызы бойжетіп тұрмысқа шықты. Ұлы ержетіп үйленді. Немерелердің қызығын көрді. Өмірден жоғалтқаны да аз емес. Анасымен қимай қоштасып еді. Ең қиыны — қарттыққа аяқ басқанда, елу жылға таяу отасқан серігінен айрылып қалды.

Ерболаттың бұл өмірден бір түігені — шәкірттерге сіңірген еңбек еш ұмытпайды екен.

Бұл — Ойылдың спорт мектебінде жұмыс істеп кеткені қашан! Алғашқы баулыған спортшылары егде тартып, соңы жігітағасы қатарына қосылды. Бір кездегі бапкерлерін көкке көтеріп жүрген де солар.

Осы бір екі жылдықта бір шәкірті сонау Хромтаудан шақырып ат мінгізген еді. Сонда көңілі әжептәуір босаған. Енді міне, ұстазымыз 75 жасқа толды деп еркін күрестен арнайы облыстық турнир өткізіп отыр. Өңіме — міңген ат та, иген шапан да емес, қырық жыл артта қалған бір кездегі еңбекті елегенде. «Қаз тойғанына емес, органына мәз» деген, Ерболат та туған жерінен көрген құрметіне марқайып, риза болып қайтты.

Аманқос ОРЫНҒАЛИҰЛЫ, Қазақстанның құрметті журналисі.